

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 2/4 "Тимирязев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қазандағы № 39/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қазанда № 5627 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 50/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 50/3 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3 тармағына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының "Тимирязев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 2/4 шешіміне (2016 жылғы 3 маусымда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3768 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тимирязев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсетудің атаулы күндерінің, мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ еселігі және мөлшері осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндерге әлеуметтік көмек мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісуі бойынша бір жолғы мөлшерде белгіленеді." ;

Қағидалардың 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 25 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

M. Иванова

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

C. Мұстафин

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ.Ақсақалов

2019 жылғы "___" - _____

Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы "___" № ___ шешіміне қосымша Тимирязев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1- қосымша

Атаулы күндердің, мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері

р/ б №	Атаулы күндердің, мереке күндерінің атаулары және әлеуметтік көмек алушылар санаттары	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері
1	2	3
15ақпан – "Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні"		
1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Совет Армиясының, Әскери-Теніз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендे); жаттығу жындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе закымданған, яғни ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жараплануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жараплануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алуудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
6		Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық

	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілері	есептік көрсеткіш
--	---	-------------------

8 наурыз – "Халықаралық әйелдер күні"

1	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
---	---	--

26 сәуір – "Чернобыль атом электрстанциясындағы апатты еске алу күні"

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, коныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына коныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар	Жылyna 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

7 мамыр – "Отан қорғаушылар күні"

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шакырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
		Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес)

2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапкан (кайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	айлық есептік көрсеткіш
---	--	-------------------------

9 мамыр – "Женіс күні"

1	Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері	Жылyna 1 (бір) рет – 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіш
2	Корғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яғни сол кездерде корғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдар	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болған адамдар	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс күмылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жузу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде баска мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
7	Коршаудағы кезеңінде Ленинград каласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтар	Жылyna 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

			Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер және олардың одакастары құрған концлагерьлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
9	Әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яғни майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және катардағы құрамындағы адамдар		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
10	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезенде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
12	Екінші рет некеге тұрмagan, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғыска қатысушылардың, партизандардың, астыртын құрес жүргізуілердің, "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігі және басқа да себептер (куқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (куйеулері)		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар		Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
31 мамыр – "Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні"			
1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар		Жылына 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі: а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тыскары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;		

	<p>в) Қазақстаннан тыскары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін құғын - сұргіндердің қолдануы;</p> <p>г) құғын-сұргіндерді орталық одақтық органдар: Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кенестік Социалистік Республикалар Одағы Ишкі істер халық комиссариаты – Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі – Ишкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кенестің, Кенестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кенестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, құғын-сұргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады</p>	Жылына 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2		
3	Кенестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан қүштеу арқылы құқыққа карсы қоныс аударуга ұшыраған адамдар	Жылына 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси құғын-сұргіндер құрбандастырының балалары, сондай-ақ құғын-сұргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің камқорлығынсыз қалған саяси құғын-сұргіндер құрбандастырының балалары	Жылына 1 (бір) рет – 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш
30 тамыз – "Қазақстан Республикасының Конституциясы күні"		
1	Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі үшін зейнет ақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мэртебесіне ие зейнеткерлер, облыстың, (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары	Жылына 1 (бір) рет – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
2	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар	Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарында күндізгі оку нысаны бойынша білім алған балалары бар көпбалалы отбасылары	Жылына 1 (бір) рет – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

